

БЕКІТЕМІН:

«Нұрсая» бөбекжай балабақшасының
директоры: Р Игенбекова
«97» тамыз 2021 жыл



«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру жөніндегі 2021/22 оқу жылына арналған жоспар

№	Тақырыбы	мерзімі	Жауаптылар
Мектеп жасына дейінгі балалар үшін			
1	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Мәңгілік Ел- Біз - Үлкен Ел - Үлкен Отбасымыз» жобасы .	Қыркүйек	Балабақша директор, әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
2	Шаян лицей жалпы орта мектебінің кітапханасына саяхат (ересек топтар)	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Туған жерім тұғырым!» музыкалық ертеңгілік, іс-шара	Қараша	Әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
4	Тұңғыш Президент күніне арналған тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі	желтоқсан	музыка жетекшісі, тәрбиешілер
5	«Абай –қазақтың рухани көсемі» мәнерлеп оқу	қаңтар	Әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
6	Қазақ халқының салт-дәстүрлер байқауы	Наурыз	Әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
7	«Жеңіс күні. Қазақстандықтар-ҰОС батырлары» әдеби-музыкалық ертеңгілік	Мамыр	музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Педагогтар үшін			
1	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың инновациялық тәрбиелік технологиялары» атты педагогтарға арналған семинар	Қазан	Балабақша директоры
2	«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін өзектендіру» шеберлік сағаты	Қараша	Балабақша директоры
3	«Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият»дәрісі	желтоқсан	Балабақша директоры, әдіскер
4	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жүйелі тәсілдері» семинар-тренинг	Наурыз	Әдіскер, психолог

Бөбекжай балабақшасы әдіскері:  А Егембердиева

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске
асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылындағы отырыстың
№ 1 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: қыркүйек, 2021 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мәңгілік Ел- Біз -Үлкен Ел - Үлкен Отбасымыз» жобасын құру туралы

Төрайымы: А Егембердиева

Хатшысы: М Сербаетова

Қатысқандар саны: 8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тақырыбы: «Мәңгілік Ел- Біз -Үлкен Ел - Үлкен Отбасымыз» жобасы туралы –жауапты: балабақша директоры Р Игенбекова.
2. Баяндама «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда атқарылған жұмыстар жөнінде»-жауапты: балабақша әдіскері А Егембердиева
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асырудың жоспарымен таныстырып, бекіту. жауапты: балабақша әдіскері А. Егембердиева

Тыңдалды:Балабақша директоры Р Игенбекова «Мәңгілік Ел- Біз -Үлкен Ел - Үлкен Отбасымыз» жобасының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Мәңгілік Ел, бұл – Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Біз, байырғы қазақ жерінде бір тағдыр және тарихи жады арқылы байланысқан, Ұлы дала елінің даңқты тарихы мен дәстүрлерін жалғастырған Қазақстан азаматтары, көптеген ұрпақтың Тәуелсіздік туралы арманын іске асырып, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парызымызды, бейбітшілік пен келісімнің, бірлік пен тұтастықтың маңыздылығын сезініп, қоғам мен мемлекеттің жоғарғы мүдделерін негізге ала отырып, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі жылында **МӘНГІЛІК ЕЛ – ПАТРИОТТЫҚ АКТІСІН** қабылдаймыз.

Біз, Қазақстан азаматтары, ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи «Тәуелсіздік толғауын» негізге ала отырып, Болашағы біртұтас ел – Мәңгілік Елді құру жолында біргеміз. Мәңгілік Елдің өзегінде қарапайым,

түсінікті және біздің әрқайсымыз үшін ең қымбат ақиқаттар – отбасымыздың амандығы, қонақжайлық және еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, ертеңгі күнге деген сенім ұғымдары орныққан.

– Елбасымыз өзінің институттық реформасының төртінші бағытында «Мәңгілік Елдің» мынадай сипаттамасын берді: «...Азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұтатын зайырлы ел – тағаттылық елі».

Сондықтан, «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында өткізілетін шаралардың сипаты әртүрлі болғанымен, олардың өзегінде бір ғана идея жатыр. Ол – Қазақстан үлкен ел екендігі. Демек, бұл іс-шаралардың астарында қазақстандық біртұтастықты, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті қалыптастыру ұғымы жатыр. Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тарихының да жаңа кезеңі- деп тыңдаушыларға ойын жеткізді.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А Егембердиева «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда атқарылған жұмыстар жөнінде» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз баяндамасында мына төмендегілерді айтып өтті. «Ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асатындығы белгілі. Рухани жаңғыруда өзекті бағыттың бірі «Ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдеп-ғұрыпты, мәдениетті сіңіру». Біздің тәрбиешілер ұжымында 2018-2019 оқу жылынан бастап «Рухани жаңғыру – балабақшадан басталады» атты жоба аясында тәрбие мен оқыту қызметінде, ата-аналармен және педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдау жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда. Бала бойына рухани құндылықтарды сіңіру, қазақтың салт-дәстүрін сақтау және насихаттау балабақшадағы күнделікті іс-әрекеттерден басталады. Балабақша дәліздері, топ бөлмелері ұлттық нақышта ою-өрнектермен, жәдігерлермен, ұлттық бұйымдармен заман талабына сай безендірілген. Мектепке дейінгі орталық педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық этикасы, баламен қарым-қатынас жасау тәсілдері ұлттық менталитетке негізделі отырып ұйымдастырылуда. Мұндай жұмысты атқару әрбір кәсіби маман үшін мақтан тұтарлық мәртебе. Тәрбиешілер И Спабекова, А Жолдыбаева М Сербаяевалар ұлттық педагогикалық кинезиология негізінде балаларға арналған қимыл – қозғалыс жаттығулар топтамасын (тыныс алу, дене қозғалыстары, ұсақ моторикаға және релаксацияға арналған жаттығулар) дайындады. Педагогтерге және балаларға арналған шеберлік сыныбының жұмысы үлкен нәтижеге жетті. Атап айтсақ, тәрбиеші А Жолдыбаева киіздің жаңашыл түрін «фетрді» қолданып киіз басу, құрақ, өру, тоқу, түйме технологияларының қыр-сырын балаларға жеткізе білді. Қиялды, сөздік, логикалық, шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс – әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеуде «Құмдағы өрнектер» студиясы ашылып, қарқынды жұмыс жасауда.

Бала өзін жайлы, емін-еркін сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық ортада дамиды. «Мультианимация» кабинетінде шығармашыл тәлімгерлеріміз И Спабековамен ,А Жолдыбаеваның бастауымен ұлттық нақышта шағын анимациялық түсірілімдер дайындалуда.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А Егембердиева «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру жөніндегі 2021/22 оқу жылына арналған жоспармен таныстырды. Жоспар еік бағытта, балабақша педагогтарына және балаларға лайықталып жасалғандығын атап көрсетті. Жоспар мына төмендегіше іс-шаралармен жүзег асатынын хабарлап айтты. Балабақша тәрбиеленушілеріне Шаян лицей жалпы орта мектебінің кітапханасына саяхат (ересек топтар), «Туған жерім тұғырым!» музыкалық ертеңгілік, іс-шара, Тұңғыш Президент күніне арналған тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі, «Абай – қазақтың рухани көсемі» мәнерлеп оқу, Қазақ халқының салт-дәстүрлер байқауы, «Жеңіс күні. Қазақстандықтар-ҰОС батырлары» әдеби-музыкалық ертеңгілік. Педагогикалық ұжым үшін, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың инновациялық тәрбиелік технологиялары» атты педагогтарға арналған семинар, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін өзектендіру» шеберлік сағаты, Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият» дәрісі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жүйелі тәсілдері» семинар-тренинг жоспарланғанын балабақша ұжымын аталмыш жоспардағы іс-шараларды жүйелі өткізуге атсалысуға шақырды. Балабақша әдіскері «Рухани жаңғыру – балабақшадан басталады» дегенге әр педагог өз пікірлерін ортағы салуын сұрады.

Сөйлегендер:

«Кәусар бұлақ» ортаңғы тобы тәрбиешісі И Спабекова біз, Қазақстан азаматтары, Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи «Тәуелсіздік толғауын» негізге ала отырып, болашағы біртұтас ел – Мәңгілік Елді құру жолында біргеміз. Мәңгілік Елдің өзегінде қарапайым, түсінікті және біздің әрқайсымыз үшін ең қымбат ақиқаттар – отбасымыздың амандығы, қонақжайлық және еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, ертеңгі күнге деген сенім ұғымдары орныққанын баяндаушы ашып жеткізді деді. Әр тәрбиешінің алдында отырған баланың сана-сезіміне осы ұғымдарды түсіндіруі қажет деп, әріптестеріне іс-шраны бірлесе өткізуге атсалысатынын айтып өтті.

«Күншуақ» кіші тобының тәрбиешісі Қ.Бейсенбаева, жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында, «Мәңгілік Ел- Біз -Үлкен Ел - Үлкен Отбасымыз» дегеніміз, қазіргі таңда бұл Қазақстанның халықтар достығы, бейбітшілік, келісім секілді ұлы, қасиетті ұғымдардың мәңгі болуына құйған «инвестициясы» деп бағалағанымыз жөн, деп, сондықтан, «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында өткізілетін шаралардың үлкен маңыздығын айтты.

Шешім:

1. Тәрбиешілер өз жұмысында «Мәңгілік Ел» патриоттық актіні негізге ала отырып «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында негізгі құндылықтарды әрқашан баланың бойына құю үнемі назарға алынсын.
2. Балабақша әдіскері Х.Дарибаеваның
3. Құрылған жоспар негізінде жұмыстарды жүйелі жүргізіп, нәтижесінде альбом жасалынып, папкасы жинақталсын.

Жауапты: А Егембердиева

Хатшы: М Сербоева

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске
асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылындағы отырыстың
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: қараша, 2021 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың
инновациялық тәрбиелік технологиялары»

Төрайымы: А Егембердиева

Хатшысы: -М Сербаева

Қатысқандар саны: 7

Күн тәртібі:

**1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың инновациялық
тәрбиелік технологиялары» баяндама –жауапты тәрбиеші И Спабекова.**

**1.Шаян көпсалалы мектеп –лицейінің кітапханасына жасалған саяхат
нәтижесі жөнінде-жауапты балабақша әдіскері А. Егембердиева**

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақшаның тәрбиешісі И.Спабекова өзінің баяндамасында мын төмендегілерді баяндап өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) – еліміздің өміріндегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер контекстінде әзірленген, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің жаңа мазмұнының басымдықтарын анықтайтын стратегиялық құжат.

Қазақстан Республикасы қоғамдық сананы жаңғырту ұстанымын алға қойған прогрессивті даму жолымен келеді. Қазіргі қоғамға ұлттық бірегейліктің аса маңыздылығын, мәдени контекстің, өздігінен даму, өзін-өзі тәрбиелеу және жоғары кәсіпқойлық, құзыреттілік пен тәрбиелілік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлға ретінде Қазақстан азаматтары мінез-құлқының жаңа әлеуметтік-психологиялық эталонын қажет етеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде олар жіктеліп берілді және соған сәйкес, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады. Осы бағыттардың мәні мен мақсаты педагогикалық жүйелер мен педагогикалық

процесті ұйымдастырудың алуан түрін, барлық заманауи тәрбие кеңістігін жаңғыртудан, адамгершілік-рухани және жалпымәдени құндылықтар шеңберін кеңейтуден, жас қазақстандықтарды тәрбиелеу практикасындағы мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның тұтас тәсілдемесінен тұрады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құралады. Әлемдік факторлар ұлттық құндылықтардың терең тәрбиелік мәдени әлеуетін қалыптастыруға қайта бағытталу, адамзаттың рухани-адамгершілік мұраларының императивтерін күшейту қажеттілігін тудырады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру жүйесінің, әсіресе, мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім берудің барлық көпқырлылық процесін жетілдіруге, тәрбиелеу мақсаттарына жетудің жоғары өнімділігіне отбасы мен азаматтық қоғамның жауапкершілігін арттыру және оларды белсенді жүзеге асыру бойынша мемлекеттің өзектілендірілген сұранысына негізделеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері адамгершілігі жоғары, білімді, Төртінші өнеркәсіптік революцияның қазіргі заманғы әлеміне табысты бейімделуі үшін жаңа технологиялық құрылысқа бағытталған бәсекеге қабілетті адами капитал даярлауға негізделген жаңартылған мазмұндағы мектептік білім беруге кезек-кезеңмен көшудің мақсатты нұсқауларына, қағидаттары мен міндеттеріне сүйенеді. Дәл осы аспектіде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруды, оқыту мен тәрбиені, оқыту мен тәрбие кеңістігін неғұрлым сапалы, әрі тиімді кіріктіруді қамтамасыз ететін технологияның, тәрбиелеу әдістемелерінің жаңа білім беру қағидаттары жетілдірілді. Тәрбие, оқу, білім беру және ақпараттық қызметтік құзыреттілікті қалыптастыруда шектелген пәндік өнімдік қызметпен сәйкес келуі керек.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Егембердиева МЖО – мектебінің кітапханасына жасалған саяхат нәтижесі жөнінде былай деді: Ағымдағы жылдың қазан айының 12-ші жұлдызында «Кәусар бұлақ», ересек топтары Майбұлақ жалпы орта мектебінің кітапханасына саяхатқа барды. Мақсаты: Кітапхана өмірімен таныстыру, білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру; бүлдіршіндердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру; кітапты сүйуге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу. Бүлдіршіндерге ең бірінші кітапхана, абонемент, оқу залы, кітаптардың қалай орналасқаны, кітапханаға қалай жазылу керектігі туралы толық мағлұматтар берілді. «Кітап-білім бұлағы. Кітап-білімнің қайнар көзі» екені барынша түсіндірілді. Сондай-ақ іс-шара барысында бүлдіршіндердің назарына ертегі кітаптар, сөйлейтін кітаптар және де тағы да басқа көркем суреттелген иллюстрациялы кітаптар ұсынылды. Кітап әлемінің табалдырығын аттаған-ақ біздің кітапханашы апай құшақ жая қарсы алып, кітапхананы аралатты. Балалар кітапханашы апайды еліміздің тарихы туралы, ұлы тұлғалары және балаларға арналған әдебиеттер туралы әңгімелерін қызығушылықпен тыңдады. Балақайлар өздерін қызықтырған сұрақтарға тағылымды жауаптар алды. Кітапханашы

балаларға келушілердің тіркелу орнын, кітапханаға оқырман құжатын көрсетіп қана өтуге болатынын ұғындырды. Олар кітапхананың оқу залдарында өздерін қалай ұстау керектігін, кітапты қалай пайдалану керек екенін білді.

Сонымен қатар, балалардың кітапқа деген құштарлығын оята білді. Адамға рухани байлық беретін кітап екенін балалар түсінді. Сонымен қатар Әния апай өзі дайындаған «Балаларға базарлық» атты ертегілер жинағымен таныстырды.

Кітапханашы: Кітапты шығару үшін көптеген адамдар еңбек етеді. Біз оны қалай ұстауымыз қажет? Кітапты жыртпай кірлетпей, бүлдірмей таза ұстап, оқыған кезде мәнерлеп оқу керектігін түсіндірді. Балаларға кітапхана өте қатты ұнады және кітапханашы апайдың көрсетіп, оқыған кітаптары қатты қызықты болды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші А Жолдыбаева баяндамада аталған Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы басты идеясы білім мекемелерінде «Тәрбие және білім» бағдарламасының «Туған жер» жобасы арқылы жүзеге асырылуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жұмыс жоғарыда аталған жобалар мен қатар «Заңғар тұлғалар», «Ауыл тынысы», т.б. жобалар іске асыру тәрбиеші болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсаты деп, терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар екендігін баяндаушы ашып жеткізді деді. Әр тәрбиеші алдында отырған тәрбиеленушілердің сана-сезіміне осы ұғымдарды түсіндіруі қажет деп, ұжымда жас тәрбиешілерге ескерту ретінде ақыл айтты. Тәрбиеші, жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру» мақаласының маңыздылығын айтты.

Шешім:

1.Тәрбиеленушілер арасында ұлтжандылықты, рухани-адамгершілікті, Отансүйгіштікті тәрбиелеу жұмыстарын әрі қарай жалғастыру.

2.Тәрбиешілер өз жұмысында моральдық және құқықтық негіздерін әрқашан балалардың бойына құю үнемі назарда ұсталсын.

Жауапты: А Егембердиева

Хатшы: М Сербаева

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасының
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске
асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылындағы отырыстың
№ 3 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: желтоқсан, 2021 жыл

Түрі: дәстүрлі

**Тақырыбы: «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту
бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін өзектендіру»**

Төрайымы:-А Егембердиева

Хатшысы: М Сербаетова

Қатысқандар: саны:8

Күн тәртібі:

1. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін өзектендіру» шеберлік сағаты-жауапты әдіскер А Егембердиева.

2.«Туған жерім тұғырым!» музыкалық ертеңгілік, іс-шараның,Тұңғыш Президент күніне арналған тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметінің өтілуі туралы-жауапты балабақша директоры Р Игенбекова.

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері А.Егембердиева «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін өзектендіру» шеберлік сағатының мақсат-міндетімен таныстырды. Шеберлік сағатына презентация дайындаған педагогтарды таныстырды. Ол өз сөзінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалғанын онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену т.б мақсаттарға жету жолына бағытталған жобалар бағдарламада толық көрсетілгендігін атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымда бағдарламаны жүзеге асыруда педагогтардың шеберлігін арттырып, білімін шыңдап отыру негізгі міндетіміздің бірі екенін назарға ұсынды.

Сөз алды: Балабақша тәрбиешісі Ш Бахатаева «Рухани жаңғыру біздің балабақшада» тақырыбында презентациясымен таныстырды. Презентацияның мақсат-міндетімен таныстырды. Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Балалардың бойында ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана сезімді ояту, туған жеріне деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Ұлттық құндылықтарды бағалауды үйрету екендігін айтып өтті. Ол асық, фетрадан

жасалған қималардан құралған қыран құс, сақина, ұлттық киімдер үлгілері, сандық суреттерін т.б ұлттық құндылықтарды балаға үйретуді, ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланудың маңыздылығын, әдістерін түсіндіріп өтті. 4-5 жастағы балаларға аталмыш құндылықтарды үйретудің өз шеберлігімен бөлісті. «Салт-дәстүрлер» өтпелі тақырыбын меңгертуде ұлттық киімдер, ұлттық бас киімдерді қуыршақтарға дайындалған киімдерді (ұл және қыз) ұлттық киімдерді жыл мезгіліне сай ажыратып киіндіру және шешіндіру, сақина, алқа тағу т.б ҰОҚ де пайдалануға болатындығын атап өтті. Өртүрлі пішіндерден қиылған қималар арқылы құрақ көрпеше құрастыру. Геометриялық пішіндердің аттарын, түстерін атау. Балаларға фетрден жасалған құрақ көрпешені топпен бірлесе отырып құрату, және қандай геометриялық пішіннен құрағанын, сол пішіннің түсін ажыратып айтуға үйретудің маңызын, әдісін айтып өтті. Нәтижесінде қазіргі таңда балалар ұлттық киімдердің атауларын атайды, қандай жыл мезгіліне сай киінгенін атап айтып беретінін тілге тиек етті.

Сөз алды: Келесі презентацияда балабақша тәрбиешісі М Сербоева өз шеберлігімен бөлісті. Ол өз шеберлігінде балалармен күнделікті ұлттық ойындарды ойнату арқылы балалардың санасын рухани құндылықтармен байытып отырғандығын айтты. Ол балаларға «Асық», «Сақина», «Орамал тастамақ», «Ат жарыс», «Арқан тарту», «Аударыспақ» сынды т.б ойындарды үйретіп, үнемі қолданып жүргенін айтты. Әр ойынның ойналу әдісіне тоқталды. Мысалы; «Сақина» ойынын ойнау тәсілін былай түсіндірді. Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен -«Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. Балалар қызығушылықпен ойнайды.

Сөз алды: Балабақшаның музыка жетекшісі А Егембердиева рухани құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында дәстүрлі әндерді, ұлттық нақыштағы билерді үйретіп жатқандығын айтты. Ол өз презентациясында «Айгөлек», «Қамажай», «Бипыл», «Сәулем-ай» сынды жеңіл әрі жаттауға оңай әндерге би үйлестіріп жатқандығын айтты.

2.Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша директоры Қ.Аширова «Туған жерім тұғырым!» музыкалық ертеңгілік, іс-шараның, Тұңғыш Президент күніне арналған тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметінің өтілуіне талдау жасады. Қараша айында музыка жетекшісі Ә.Болатқызының және топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен өткен музыкалық ертеңгіліктің өз дәрежесінде ұйымдастырылғандығын айтып өтті. Ертеңгілік ұлттық әндерді, би орындау, мақал-мәтел, жаңылтпаш айту турларынан тұрғандығын, балалардың аталмыш іс-шараға жақсы қатысқандығын айтып өтті. Тәрбиешілерге балалардың ертеңгіліктерге жүз пайыз қатысуын қамтамасыз етуін тапсырды. Сонымен қатар, жаңылтпаш, мақал-мәтел жаттатауды балабақшада 2-жастан бастап, жаттатуды қолға алуды тапсырды. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар» , – деді. Сонымен қатар,

«Күншуақ», «Кәусар бұлақ» топтарында өткен тұңғыш президент күніне орай өткізілген ашық ұйымдасырылған оқу қызметіне тоқталды. "Күншуақ", «Кәусар бұлақ» топтарында «Ел бағына жаралған тұлға», «Елін сүйген -Елбасы» тақырыбында ұйымдастырылды. Балаларға Елбасы туралы видео слайд жасалып, тұңғыш президент туралы жақсы мағлұмат берілгендігін. Балалар патриоттық бағытта, тұңғыш президент Н.Назарбаев туралы, қазіргі президентіміз Қ.Тоқаев туралы тақпақтарын айтты, патриоттық хор орындалды. Сұрақтарға жауап берді-деді. Соынмен қатар, АҰОҚ өз дәрежесінде өтілгендігін айтып өтті.

Сөз алды: балабақша тәрбиешісі А Жолдыбаева «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру жөніндегі барлық ұйымдастырылған іс шараларға қолдан келгенінше өз үлесін қосып жатқанын айтты.

Шешім:

- 1.«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының бағыты туралы педагог білімін жетілдіру үнемі назарға алынсын.
2. Өткізілетін іс-шараладың жандандыруды қолға алу балабақша әдіскері А Егембердиеваға тапсырылсын.

Жауапты: А Егембердиева

Хатшы: М Сербаетова

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске
асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылындағы отырыстың
№ 4 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: наурыз, 2022 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият»

Төрайымы: А Егембердиева

Хатшысы: М Сербоева

Қатысқандар саны: -8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Абай –қазақтың рухани көсемі» мәнерлеп оқу, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» байқауларының өту барысын талдау
2. «Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият» дәрісі

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша директоры Р Игенбекова сөз алды. Ол қаңтар айында өткен «Абай –қазақтың рухани көсемі» мәнерлеп оқу байқауына тоқталды. 3-6 жас аралығындағы балалар расында өткен мәнерлеп оқу байқауына «Кәусар бұлақ» тобынан үш бала Алғабек Тоғанас, Оңласбек Айсұлтан, Сүлеймен Мерейлер қатысты. Аталмыш байқаудың мақсаты тәрбиеленушілер қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен нақыл сөздерімен таныстырып өлеңді мәнерлеп, саналы түсініп оқуға машықтандыру болғандығын айтып өтті. Байқаудың үш кезеңнен тұрғандығын («Мен ақылды баламын»-өзін-өзі таныстыру, «Абай ата»-ұлы ақын туралы қысқаша айту, «Жатқа айтамын өлеңді» -Абай өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айту) әр кезеңдегі бүлдіршіндердің дайындығын, барлық тәрбиеленушілерге байқау қорытындысы бойынша марапаттау қағазының берілгендігін айтып өтті. Сонымен қатар, балаларды дайындап байқауға қатыстырғандығы үшін топ тәрбиешілеріне алғыс білдірді. Наурыз айында өткен «Қазақтың салт-дәстүрлері» атты байқауда балабақша қызметкерлерінің көрсеткен өнері үшін барлығына алғыс білдірді. Байқауға қатысқан үш топтыңда қазақтың сал-дәстүрлерін дәріптеуде үлкен дайындықпен келгендігін айтып өтті. Қатысқан ата-аналар ризашылықтарын білдірді. «Тұсаукесер», «Баланы қырқынан шығару», «Бастаңғы» сынды салт-дәстүрлер ойын-сауықтардың халқымыздың ұмытылмас жауһарлары екенін. Аталмыш дәстүрлерді дәріптеуде белсене атсалысқан педагогтар мен кіші буын қызметкерлері Б Малдыбаева, С Болысбекова, Г Қылышбековалар,

А Егембердиеваларды марапаттау қағазымен, заттай силықтармен марапаттады.

Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дене шынықтыру бойынша И Спабекова өз лекциясын былай жеткізді: Біздің туып — өскен жеріміз, еліміз —

Қазақстан. Еліміз мұнайға пайдалы қазбаларға өте бай. Қазір ынтымағы жарасқан көптеген ұлттың өкілдері тұрады. Олар: орыс, татар, өзбек, неміс, түрік т.б. көп ұлттар тұрады. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Еліміз бейбітшілікті нығайту жолында көп жұмыстар атқарып келеді. Еліміз ТМД, БҰҰ ұйымдарына мүше. Қазір еліміз алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдер қатарына қосылуға талпынып жұмыстар атқаруда. Мемлекетіміз заман талабына сай заманауи техникалар мен машиналар, өнеркәсіптер қарыштап дамып келеді. Мен осы тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматы болғанымға мақтанамын. Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарында енген мемлекет. Еліміз, тәуелсіз, дербес ел атанды. Осы мемлекетті одан да биіктен көрсету ұрпақтың, қазақ ұландарының қолында деп есептеймін. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған біртіндеп латын алфавитіне көшу – заман талабы делінген. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, отыр. Латын әліпбиіне көшу керек деп қанша жылдан бері айтылып келе жатыр. Енді іс жүзінде орындайтын кезі келді деп ойлаймын. Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздікті туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізде екеніне мақтанамыз. –деп ойын тұжырымдады.

Сөз сөйлегендер: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақшаның орыс тілі маманы Р Игенбекова екі байқаудың да жоғары деңгейде өткендігі, осындай бауқаулардың балабақшада жиі өтіп отырғандығы, балаларды ұлттық құндылықтармен тәрбиелеудің басты тәсілі екенін еске салды. Мұндай іс-шараларға ата-аналарды да қатыстыру негізге алынса нұр үстіне нұр болар еді деп айтып кетті.

Шешім:

1. Іс-шаралар негізінде қазақтың ұлы ақыны Абайдың әндерін, өлеңдерін балабақша тәрбиеленушілеріне үйретіп жаттату тапсырылсын. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу педагогтарға міндеттелсін. Өтілген байқаулар өз дәрежесінде өтілді деп бағалансын.

2. «Мәңгілік Ел, бұл – Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият» лекциясын жалғастырып оқып түсіну педагогтардан сұралсын.

Жауапты: А Егембердиева

Хатшы: М Сербаетова

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылындағы отырыстың

№ 5 хаттамасы

Өткізілген уақыты:мамыр, 2022 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жүйелі тәсілдері»

Төрөайымы: А Егембердиева

Хатшысы: М Сербеева

Қатысқандар саны:- 8

КҮН ТƏРТІБІ

1. «Жеңіс күні. Қазақстандықтар-ҰОС батырлары» әдеби-музыкалық ертеңгіліктің өтілуі-жауапты балабақша директоры Р Игенбекова.
2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жүйелі тәсілдері» семинар-тренинг-жауапты балабақша әдіскері А.Егембердиева

ТЫҢДАЛЫМ: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша директоры Р Игенбекова «Жеңіс күні. Қазақстандықтар-ҰОС батырлары» әдеби-музыкалық ертеңгіліктің өтілуі барысын айтып өтті. Біз, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың ерліктері туралы еш уақытта ұмытпаймыз. Бұл мереке - тек ардагерлер мен соғыс балалары үшін ғана емес, біз үшін де мереке. Бұл күні біздің жүрегімізде бақыт, қуаныш сезімдері, ең бастысы - мақтаныш сезімдері бар. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бойына патриоттық сезімді ұялату, ерлікті дәріптеу – тәрбиенің негізі. Музыка жетекшісі А Егембердиева мен әдіскер және топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен өткен Ұлы жеңіс күніне арналған ертеңгілік өз дәрежесінде өтті. Ертеңгілікке «Күншуақ», «Кәусар бұлақ» ересектер тобы бүлдіршіндері қатысты. Балалар Ұлы Отан соғысы батырларына арналған тақпақтарын, әндерін айтты. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер айтты. Сонымен қатар бүлдіршіндер «Сарбаздар» биін билеп, Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова батырлар туралы видео тамашалады. Жалпы ертеңгілік өз дәрежесінде өтті.

ТЫҢДАЛЫМ: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері А Егембердиева «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың жүйелі тәсілдері» семинар-тренингке келген педагогтармен сәлемдесіп, семинар-терининг барысмен, мақсатымен таныстырды. Семинарды ашып беру үшін балабақша директоры Р Игенбековаға сөз берді. Балабақша директоры Р

Игенбекова бұл семинарды ұйымдастырудың қаншалықты маңызды екендігін айтып, барлық педагогтарды белсенділікпен қатысуға шақырды. Әдіскер бүгінгі семинарға қатысушы педагогтарға сәттілік тілеп үлестірмелі қағаз, қрындаш таратты. Педагогтарға үлестірмелі қағазда қойылған сұрақтарға жауап беруді сұрады. Қағаздар жиылып алынып, келесі кезең, «Рухани жаңғыру-балабақшада» тақырыбында педагогтар өз ойларын жеткізді. Келесі кезең «Кофе-брейк» деп аталды яғни қатысушыларға кофе және тәтті ұсынып, ситуациялық видео көрсетілді. Видеоны тамашалап, қатысушылар «Мен және бала» тақырыбында ойын ойнады. Ойын әсерлі, қызықты болды. Әдіскер «Менің ағашым» тақырыбында медитация жасап, психологиялық тренинг өткізді. Семинар-тренинг соңында педагогтар өз пікірлерін айтып өтті. Аталмыш семинар-тренингтің тың серпін бергендігін, жаңаша жоспарларға жол ашқандығын айтты.

Сөйлегендер:

Балабақшаның дене шынықтыру нұсқаушысы М.Алтынсарин күн тәртібінідегі бірінші мәселе бойынша Ұлы жеңіс күніне арналған іш-шараның өтілуіне пікір білдірді. Ол өз сөзінде ертеңгілік өте тартымды және өнегелі болып өтті. Балаларымыз біздің болашағымыз. Балаларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге, құқықтық білімдерін және патриоттық сезімдерін одан әрі дамытуға бағытталған. —деді.

Шешім:

1. Ұлы Жеңіске арналған мерекелік ертеңгілік өз дәрежесінде өтілді деп танылсын, балаларды ерлікке, отансүйгіштікке баулу жалғастырылсын.
2. Педагогтардың өтініші бойынша семинар-тренингтердің жиі өтілуі жоспарға қойылсын.

Жауапты: А Егембердиева

Хатшы: М Сербаетова